

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРАЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

- 7M04201 – Құқықтану (кәсіптік бағыт)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРАЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Негізгі білімі мен практикалық дағдылары, жоғары жауапкершілігі бар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жаңа технологияларды меңгерген, мамандығы бойынша тиімді жұмыс істеуге қабілетті заңгерлерді, академиялық дәрежені – «құқық магистрі» даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Мемлекеттік басқару, құқықтық реттеу, заңгерлік біліммен байланысты қызмет саласы, құқық бұзушылықтың алдын алу, тәрбиелеу.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этика принциптерін түсінеді, пәндік саланы, ғылыми өлшемдерді, ғылым, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін ғылыми-педагогикалық қызметте пайдаланады;

ОН2 – психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін қолданады, өнімді, гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды, синтездейді, шығармашылықпен түрлендіреді, педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарас танытады;

ОН3 - Әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде философиялық мәселелерді талдайды және бағалайды;

ОН4 - құқықтық қызметтің нақты салаларында нормативтік құқықтық актілерді білікті қолданады, кәсіби қызметте материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын іске асырады;

ОН5 - заң қызметінің нақты саласында қолданылуға жататын құқықтық нормаларды білікті түрде айқындайды;

ОН6 - стандартты емес құқықтық жағдайлар жағдайында құқықтық нормаларды нақтылайды (құқықтағы олқылыштар, құқықтық нормалардың қайшылықтары, жалпы нормалар мен қағидаттарды нақтылау қажеттілігі, бағалау пікірлерінде нақты мазмұнды анықтау және т. б.);

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН7 - қылмыстар мен өзге де құқық бүзушылықтарды анықтайды, жолын кеседі, ашады және тергейді;

ОН8 - құқық бүзушылықтардың алдын алууды жүзеге асырады, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтайды және жояды;

ОН9 - құқық саласындағы ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады;

ОН10 - құқықтық ақпаратты талдайды және мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тиісті тұжырымдар мен қорытындыларды сауатты тұжырымдайды;

ОН11 - оқу, ғылыми, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салаларында қарым-қатынаста, шетел тіліндегі мамандық terminологиясымен байланысты жүзеге асырады, жарияланымдар дайындейды, презентациялар өткізеді, пікірталастар жүргізеді және шет тілінде ұсынылған жұмысты қорғайды

ОН12 - ғылыми жұмысты қолданыстағы талаптарға сәйкес, соның ішінде электрондық-есептеу техникасы құралдарын пайдалана отырып ресімдейді.